

Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасының арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1995 жылғы 19 маусым N 2343

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасының арасындағы 1994 жылғы 17 қазанда Анкарада қол қойылған Достық пен Ынтымақтастық туралы шарт бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы ШАРТ

(1998 жылғы 30 қарашада күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі қарай "Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы олардың халықтары тарихының мәдениетінің және тілінің ортақтастығына сүйенген жан-жақты қатынастар мен ынтымақтастықты тереңдетуді қанағаттанушылықпен атап ө т е

о т ы р ы п ,

Қазақ КСР-і мен Түркия Республикасы арасындағы 1991 жылғы 15-наурыздағы Достық пен ынтымақтастық туралы келісім ережелеріне сүйене отырып,

екі халықтың достық пен ынтымақтастықты кеңейтуге және нығайтуға деген өзара саяси еріктерін мақұлдай отырып,

достық қатынастар мен ынтымақтастықты нығайту аймақтағы ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзіндегі тұрақтылыққа, бейбітшілікке және қауіпсіздікке жәрдемдесетінін а т а й

о т ы р ы п ,

өздерінің халықаралық құқық нормаларына, БҰҰ жарғысының мақсаттары мен ұстанымдарына адалдығын мақұлдай, Хельсинки Қорытынды актісі мен Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі басқа да құжаттар шеңберінде қабылданған міндеттемелерін орындай отырып,

жалпыға бірдей бейбітшілікті, қауіпсіздікті нығайту мен сақтау, барлық туындаған мәселелерді бейбіт жолмен шешу ұстанымдарына негізделген ынтымақтастыққа

төмендегілер жөнінде уағдаласты:

1-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өзара қарым-қатынастарын тәуелсіздік, егеменділік, аумақтық тұтастық, бірі бірінің ішкі істеріне қол сұқпаушылық, теңдік, өзара сыйласу және өзара тиімділік ұстанымдарының негізінде дамытады.

2-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар саясат, дипломатия, экономика, сауда, білім, мәдениет және ғылым, көлік, байланыс және коммуникация, ауыл шаруашылығы, энергетика, денсаулық сақтау, экология, туризм, спорт және басқа да салаларындағы екі жақты ынтымақтастықты дамытуға және тереңдетуге келісті.

3-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар экономика және сауда саласындағы ынтымақтастықты елдер арасындағы қарым-қатынастың маңызды буыны деп санайды, ынтымақтастықты екі елдің потенциалына сәйкес келетін қазіргіден де жоғары деңгейге көтеру қажет деп есептейді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өнеркәсіп, көлік, байланыс және коммуникация, ауыл шаруашылығы, энергетика саласындағы ынтымақтастық жөніндегі бірлескен инвестициялар мен басқа да жобаларды дамытатын және жүзеге асыратын, өзара инвестициялар мен ынтымақтастықтың басқа да нысандарын жан-жақты қолдауға, қорғауға және сауда көлемін ұлғайтуға күш салады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екі ел арасындағы товарлардың, қызмет көрсету мен капиталдың кең және тиімді айналымын жеңілдету үшін қажетті құқықтық, экономикалық, қаржылық және сауда жағдайларын жасайтын болады.

4-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар экономика, сауда, өнеркәсіп, банк ісі және басқа да салаларда ақпарат пен тәжірибе алмасуға жәрдемдесетін, екі елдің осы салалардағы потенциалы мен мүмкіншіліктерінің барынша танытылуы үшін әр деңгейдегі байланыстардың дамуын және мамандардың алмасуын қолдайтын болады.

5-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар олардың халықтарының тарихи, мәдени және тіл ортақтастығын ескере отырып, білім беру және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға айрықша маңыз береді.

6-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар білім беру саласында бір-бірінде мектептер ашуды, бірлескен университеттер мен басқа да білім беру мекемелерінің құрылуын, білім беру мекемелері арасындағы оқу бағдарламалары, ақпарат және тәжірибе алмасуды маңызды іс деп таниды және тиісті шараларды қабылдайды.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы салада білім министрліктері, университеттер мен басқа да тиісті ұйымдар арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ең алдымен оқушылардың сондай-ақ білім беру мекемелерінің оқытушы-профессорлар, әкімшілік құрамы өкілдерінің және стажерлардың алмасуын дамытады.

7-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ортақ маңыздылығын, әдебиетті және өнерді дамыту мен таратудың маңыздылығын мақұлдайды, бұдан әрі қарай да мәдениет министрліктері мен басқа да тиісті мекемелер арасындағы ынтымақтастыққа бағытталған қызметке қолдау көрсететін болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өнер мен мәдениет саласындағы тікелей ынтымақтастыққа жәрдемдеседі және екі елдің мәдениет орталықтарын ашу мәселесі жөнінде бір-біріне қажетті көмек көрсететін болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ортақ тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау, қайта қалпына келтіру және көрсету істеріндегі ынтымақтастықты бұдан әрі қарай нығайтып дамытатын болады.

8-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар халықтар арасындағы қарым-қатынастарды бұдан әрі қарай да дамыту және тереңдету үшін ресми және жеке ұйымдар мен мекемелер, университеттер, жергілікті басқару органдары, бұқаралық ақпарат құралдары, әдебиет және өнер ұйымдары арасындағы байланыстарды дамытатын, қалаларды бауырластыру жолымен аймақтар мен қалалар арасындағы тікелей байланыстарды көтермелеп отыратын, сондай-ақ тұрақты түрде кездесулер өткізуге жәрдемдесетін болады.

9-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар парламентаралық байланыстар мен ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

10-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар әскери білім, ғылым мен техника салаларындағы ынтымақтастықты дамытады.

11-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар туризм, жастар мен спорт ұйымдары, ақпарат пен тәжірибе алмасу, жастар мен спорттық ұйымдардың мамандары және өкілдерімен алмасу салаларындағы қарым-қатынастар мен байланыстарға қатысты ынтымақтастықты дамытуды қолдайды.

12-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар құқықтық және консулдық қатынастар саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады.

13-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар көлік, байланыс пен коммуникация салаларындағы байланыстар мен ынтымақтастықтың дамуына ерекше маңыз бере отырып, осы орайда көлік коммуникациясы мен қызметін жақсарту және нығайту бойынша жұмыс атқарады, баспасөз, радио мен телекөрініс хабарларын тарату саласындағы ынтымақтастықты дамытуға, әр түрлі ақпарат, мәлімет және хабар алмасу мен таратуына жәрдемдеседі, сондай-ақ коммуникация және байланыс жүйелерін, жер серігі жүйелерін қоса отырып, дамыту бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады.

14-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ғылым мен технологиялар саласында ынтымақтастықты жүзеге асыра отырып, ғылыми зерттеу мекемелері арасында тікелей байланыстардың орнатылуына, озық технологиялар саласындағы бірлескен бағдарламалар мен зерттеулердің жүргізілуіне мүмкіндік туғызады.

15-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар энергетикалық қорларды дамытуда, өндіруде және тасымалдауда ынтымақтасатын болады.

16-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қоршаған ортаны қорғау саласында ынтымақтасады.

17-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар, олардың арасындағы ынтымақтастық пен байланыстарды әрі қарай дамыту мен нығайту мақсатында, екі жақты ынтымақтастық, аймақтық және халықаралық мәселелер жөнінде үнемі консультациялар өткізіп тұратын болады.

18-бап

Осы Шарт бойынша жүргізілген ынтымақтастық пен достық байланыстар басқа бір мемлекетке қарсы бағытталмаған және Мәртебелі Уағдаласушы тараптардың басқа мемлекеттермен қол қойған екі жақты және көп жақты шарттардан туындайтын міндеттемелеріне қайшы келмейді.

19-бап

Осы Шарт күшіне енген сәттен бастап, 1991 жылғы 15 наурыздағы қол қойылған Қазақ КСР мен Түркия Республикасы арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы келісім өз күшін жоғалтады.

20-бап

Осы Шартқа Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімдері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

21-бап

Осы Шарт бекітілуге жатады және бекітілген қағаздар алмасқан күннен бастап к ү ш і н е е н е д і .

1994 жылғы 17 қазанда Анкарада екі дана болып, әрқайсысы қазақ және түрік тілдерінде жасалынды, сондай-ақ екі текстің де күштері бірдей.

Қазақстан Республикасы
үшін

Түркия Республикасы

үшін